

**«Теология білімінің негіздері» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «02210200 - Теология» мамандығы, 4S02210201 – «Теолог; 4S02210202 – Ислам теологі біліктіліктеріне арналған «Теология білімінің негіздері» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Теологияға кіріспе (кәләм ілімі)	1	Кәләм ілімінің анықтамасы. Атауларының түрлері мен себептері. Кәләм іліміндегі мектептер. Кәләм ілімінің маңыздылығы.
		2	Кәләм ілімінің тарихы. Әһли сүннет бойынша кәләм ілімін жүйеге келтірген ғалымдар. Ақылдың үкімдері. Кәләм ілімінің негіздері.
2	Хақтану ілімі (илахият)	3	Иман сөзінің түсінігі мен түрлері. Мазһабтардың иман жайындағы көзқарастары. Иман мен амал арасындағы айырмашылық. Ислам мен иман сөздерінің ұғымы.
		4	Иманның дұрыс болу шарттары. Мүмін. Кәпір мен күпірліктің түрлері. Мушрік және серік қосу түрлері. Мунафик. Муртад. Фасық. Аси.
		5	Аллаға сену. Алланың ұлы есімдері. Алланың сипаттары. Алла Тағалаға жалпы тиіс болған сипаттар. Алла Тағалаға жеке-жеке тиіс болған сипаттар. Алла Тағаланы ұлықтап пәктеу.
3	Пайғамбартану (нубуват)	6	Пайғамбарлық және пайғамбарларға иман. Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы. Пайғамбарлардың сипаттары. Пайғамбарлардың дәрежесі.
		7	Мұғжиза. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с) соңғы пайғамбар.
		8	Әулиелік және карамат. Мұғжиза мен караматтың айырмашылығы. Уахи және оның келу жолдары.
4	Ақирет ілімдері (самғият)	9	Ақирет күніне иман. Қабір өмірі. Қиямет қайым және оның уақыты. Ақырзаман белгілері.
		10	Өлімнен кейінгі қайта тірілу. Ақиретте болатын жағдайлар. Періштелерге сену. Періштелердің ерекшеліктері. Олардың қызметі. Жындар әлемі. Шайтан. Рух. Алладан түскен қасиетті кітаптар. Адамның ерік жігерімен қалауы.
		11	Хидаят. Долалат. Ажал.
		12	Тағдырға иман.
	Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).		

#### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Теологияға кіріспе:** Кәләм ілімінің анықтамасы. Атауларының түрлері мен себептері. Кәләм іліміндегі мектептердің пайда болу себептері. Кәләм ілімінің маңыздылығы және күрделілігі. Кәләм ілімінің бастау тарихы, даму кезеңдері мен себептері. Әли сүннет бойынша кәләм ілімін жүйеге келтірген ғалымдар. Ақылдың үкімдері және оның пайдалары. Кәләм ілімінің негіздері илахият, нубуват, самғият.

**Хақтану (илахият):** Иман сөзінің түсінігі мен түрлері. Мазһабтардың иман жайындағы көзқарастары. Иман мен амал арасындағы айырмашылық. Ислам мен иман сөздерінің ұғымы. иманның дұрыс болу шарттары. Мүмін. Кәпір мен күпірліктің түрлері. Мушрік және серік қосу түрлері. Мунафиқ. Муртад. Фасық. Аси. Аллаға сену. Алланың ұлы есімдері. Алланың сипаттары. Алла Тағалаға жалпы тиіс болған сипаттар. Алла Тағалаға жеке-жеке тиіс болған сипаттар. Алла Тағаланы ұлықтап пәктеу.

**Пайғамбартану (нубуват):** Пайғамбарлық және пайғамбарларға иман. Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы. Пайғамбарлардың сипаттары. Пайғамбарлардың дәрежесі. Мұғжиза. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с) соңғы пайғамбар. Әулиелік және карамат. Мұғжиза мен караматтың айырмашылығы. Уахи және оның келу жолдары.

**Ақиреттану (самғият):** Ақирет күніне иман. Қабір өмірі. Қиямет қайым және оның уақыты. Ақырзаман белгілері. Өлімнен кейінгі қайта тірілу. Ақиретте болатын жағдайлар. Періштелерге сену. Періштелердің ерекшеліктері. Олардың қызметі. Жындар әлемі. Шайтан. Рух. Алладан түскен қасиетті кітаптар. Адамның ерік жігерімен қалауы. Хидаят. Долалат. Ажал. Тағдырға иман.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

#### **8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

#### **9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейтбеков С.С. Иман негіздері. - Астана: "Издательство АСТ Полиграф" ЖШС, 2011ж.

2. Батталұлы Р. Ақида сабақтары.- Алматы: "БІХЛАС", 2014ж.

3. Сейтбеков С.С. Мазһабтар тарихы.- Алматы: "Көкжиек", 2012ж.

4. Сатыбалдиева А. Саяси, кәламдық және фикһтық мазһабтар тарихы. - Алматы: "Таңбалы баспа", 2016ж.